АҚМОЛА ОБЛЫСЫ
ЖАҚСЫ АУДАНЫ
БЕЛАҒАШ
АУЫЛЫНЫҢ ӘКІМІ

АКИМ СЕЛА
БЕЛАГАШ
ЖАКСЫНСКОГО РАЙОНА
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ӨКІМ

2026ге 08.09.
Белағаш ауылы

РАСПОРЯЖЕНИЕ

№ 21
село Белагаш

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты бекіту туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 285 бұйрығымен бекітілген, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес:

1. «Жақсы ауданының Белағаш ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты осы өкімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы өкім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

А. Аубакиров

Бланк серийлық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ/ viet бабына көшірмелер шектеулі данада жасалады,
белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ және ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве.
ЗАВЕРЯЮТСЯ и УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

000014

Белағаш ауылы әкімінің
2026 жылғы «08» 09
№ 21 өкімімен
бекітілген

«Жақсы ауданы Белағаш ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Жақсы ауданы Белағаш ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (бұдан әрі – Стандарт) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 285 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленді.

2. Стандарт сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге, лауазымдық міндеттерді орындау кезінде заңдылықты, ашықтықты және адалдықты қамтамасыз етуге бағытталған Жақсы ауданы Белағаш ауылы әкімі аппаратының (бұдан әрі – Аппарат) мемлекеттік қызметшілері мен жұмыскерлерінің мінез-құлқына қойылатын ұсынымдар мен талаптар жүйесі болып табылады.

3. Стандарттың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1) заңдылық;

2) азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың басымдығы;

3) қызметтің ашықтығы мен айқындығы;

4) адалдық пен объективтілік;

5) мүдделер қақтығысына жол бермеу;

6) барлық азаматтар мен ұйымдарға бірдей қарау;

7) қабылданатын шешімдер үшін дербес жауаптылық;

8) сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың басымдығы.

4. Стандарттың қолданылуы Белағаш ауылының әкіміне, Аппараттың мемлекеттік қызметшілеріне және өзге де жұмыскерлеріне олардың лауазымдық өкілеттіктері шегінде қолданылады.

5. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға жауапты тұлға Белағаш ауылы әкімінің өкімімен белгіленеді.

2-тарау. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін картаға түсіру және сыбайлас жемқорлық картограммасын қалыптастыру

6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін картаға түсіру сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, олардың алдын алу және жою жөніндегі шараларды айқындау мақсатында жүргізіледі. Нәтижесі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы болып табылады.

7. Картаға түсіру жылына кемінде бір рет, сондай-ақ заңнама, функциялар, құрылым өзгерген кезде немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне әсер ететін өзге де мән-жайлар кезінде жүргізіледі.

8. Картаға түсіру кезінде мыналар қарастырылады:

1) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

2) мемлекеттік қызметтерді көрсету;

3) жер қатынастары саласындағы өкілеттіктерді іске асыру;

4) коммуналдық мүлікті басқару;

5) бюджеттік жоспарлау және бюджетті орындау;

6) мемлекеттік сатып алу;

7) кадрлық процестер;

8) жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау;

9) әкім аппараты жүзеге асыратын өзге де өкілеттіктер.

9. Картаға түсіру алгоритмі мыналарды қамтиды:

1) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) олардың туындау себептері мен жағдайларын айқындау;

3) тәуекелдерге бейім лауазымдарды айқындау;

4) тәуекел деңгейін бағалау;

5) қолданыстағы бақылау шараларын айқындау;

6) тәуекелді төмендету немесе жою бойынша қосымша шараларды айқындау;

7) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасын қалыптастыру және өзектендіру;

8) қабылданған шаралардың іске асырылуын бақылау.

10. Картаға түсіру кезінде тексеру нәтижелері, өтініштерді талдау, бұрын анықталған бұзушылықтар мен мүдделер қақтығысы, сондай-ақ заңнамада тыйым салынбаған басқа да ақпарат ескеріледі.

11. Картаға түсіру нәтижелері бойынша іс-шаралар, мерзімдер мен жауапты тұлғалар көрсетіле отырып, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және азайту жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленеді.

3-тарау. Мүдделер қақтығысының алдын алу

12. Аппарат жұмыскерлері мүдделер қақтығысының туындауына жол бермеуге және лауазымдық өкілеттіктерін тек заңнамада белгіленген мақсаттарда пайдалануға міндетті.

13. Мүдделер қақтығысы туындаған немесе оның туындау мүмкіндігі болған кезде жұмыскер бұл туралы басшыға дереу хабарлауға міндетті.

14. Мүдделер қақтығысы болған кезде заңнамаға сәйкес оның алдын алу және реттеу бойынша шаралар қабылданады.

15. Қызметтік ақпаратты, мүлікті және лауазымдық жағдайды жеке мүдделерде немесе үшінші тұлғалардың мүдделерінде пайдалануға жол берілмейді.

16. Жұмыскерлер сыйлықтарға, сыйақыларға және басқа да пайдаға қатысты заңнамада белгіленген шектеулерді сақтайды.

4-тарау. Қаржылық бақылау шаралары

17. Аппараттың мемлекеттік қызметшілері мен олардың жубайлары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес декларацияларды уақтылы әрі толық көлемде ұсынуға міндетті, олардың Жақсы ауданы әкімі аппаратының Персоналды басқарудың бірыңғай қызметіне (кадр қызметіне) белгіленген тәртіппен уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етеді.

18. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан шетелдік банктерде шоттар (эсептер) ашуға және иеленуге, сондай-ақ онда қолма-қол ақша қаражатын сақтауға тыйым салынады.

5-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

19. Аппаратта жыл сайын Сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділікті қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленеді және іске асырылады.

20. Аппарат қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту және Қазақстан Республикасының заңнамасын түсіндіру ай сайын жүргізіледі.

21. Жаңадан қабылданған мемлекеттік қызметшілер үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен Әдеп кодексінің нормалары бойынша міндетті кіріспе нұсқама жүргізіледі, сондай-ақ осы Стандартпен таныстырылады.

6-тарау. Есептілік және ашықтық

22. Аппарат ресми интернет-ресурста және ақпараттық стендтерде жариялау арқылы өзінің қызметі туралы ақпараттың (ауыл бюджетінің құрылымы, сатып алу жоспарлары, кезектегілер тізімі, әкімнің азаматтарды қабылдау кестесі) қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

23. Аппарат Қоғамдық кеңеспен және Белағаш ауылының жергілікті қоғамдастығымен өзара іс-қимыл жасайды.

24. Әкімнің халық алдындағы есепті кездесулері қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша бөлімді ұсына отырып өткізіледі.

25. Сыбайлас жемқорлық туралы хабарланған тұлғаларды қорғау мақсатында «Өтініштерге арналған жәшік» және Аппараттың сенім телефоны жұмыс істейді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсеткен тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес толық құпиялылық пен құқықтық қорғауға кепілдік беріледі.

7-тарау. Персоналды басқару процестерінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу

26. Аппараттың мемлекеттік қызметшілерін іріктеу, конкурстық іріктеу, тағайындау және жеке істерін қалыптастыру меритократия, транспаренттілік, тең қолжетімділік және протекционизмнің, фаворитизмнің, непотизмнің кез келген нысандарын алып тастау қағидаттарында «eQyzmet» АЖ пайдалана отырып, Жақсы ауданы әкімі аппаратының Персоналды басқарудың бірыңғай қызметімен (кадр қызметімен) жүзеге асырылады.

27. Аппаратта кадрлық іс жүргізу тек ауыл әкімінің құзыреті шегінде жүзеге асырылады (демалыстар беру, іссапарларға жіберу, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және босату туралы өкімдер шығару және т.б.).

28. Кадрлық өкімдердің жобаларын (іссапарлар, демалыстар, сыйлықақы беру туралы) дайындау кезінде субъективизм, фаворитизм көріністеріне немесе жекелеген қызметкерлер үшін негізсіз артықшылықтар белгілеуге қатаң тыйым салынады.

8-тарау. Мемлекеттік сатып алу саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу

29. Мемлекеттік сатып алу Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес ашықтық, айқындық, бәсекелестік және бюджет қаражатын тиімді пайдалану қағидаттарында жүзеге асырылады.

30. Нақты өнім берушілерге артықшылықтар жасауға, бәсекелестікті негізсіз шектеуге және нақты өнім берушіге арналған талаптарды қалыптастыруға жол берілмейді.

31. Сатып алу жөніндегі комиссия мүшелеріне өнім берушілермен жеке мүдделілігі (мүдделер қақтығысы) болған кезде процестерге қатысуға тыйым салынады.

32. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді қабылдау кезінде олардың шарты талаптарына сәйкестігін тексеру қамтамасыз етіледі.

33. Сатып алу сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мәніне мерзімді талдауға жатады.

9-тарау. Қорытынды ережелер

34. Осы Стандарт Жақсы ауданы Белағаш ауылы әкімінің өкімімен бекітіледі және ресми интернет-ресурста міндетті түрде жариялануға тиіс.

35. Стандартты түзету және өзектендіру Қазақстан Республикасының заңнамасындағы жаңартуларды және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілетін жыл сайынғы ішкі талдау нәтижелерін ескере отырып, тұрақты негізде жүргізіледі.